

*A.B.TAҢЖАРЫҚОВА*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

## ПРОЗАЛЫҚ ШЫГАРМАЛАРДАҒЫ ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР

### Аннотация

Бұл макалада этно-фольклорлық мотивтердің казақ прозасында көрініу жайлар ой қозғалған. Прозада этно-фольклорлық негізді өз шығармаларына арқау еткен бірталай жазушылардың туындыларына осы бағытта жүйелі талдау жасалған. Қазіргі ақпараттану мен жаһандану деуірінде ұлттық руханиятқа барынша назар аудару - болашақ ұрпақ алдындағы кемелді міндеп. Ішкілым заманнан дәстүрлік желімен бізге жеткен мифтік оқиғалардың көркем шығармада бірде басталуына, бірде шарықтау шегіне, бірде шешімінә әсер етуі қарастырылды. Қоңс түсінік бойынша адам фәниден бакиға озғанда бұрынғы өміріндегі мінез-ерекшелігіне байланысты о дүниеде не анға, не құсқа айналады деген түсініктің, құбылуын ұрпартылғанда қазіргі прозадағы сәулесі бағамдалды. F.Мұсіреповтің, Ә.Кекілбаевтың, М.Ысқақбаевтың, туындылары осы негізде зерделенді.

**Тірек сөздер:** Миф, фольклор, этнография, реминисценция, мәңгүрттік, фольклорлық сарын, мифологиялық дүниетаным, құбылу.

**Ключевые слова:** Миф, фольклор, этнография, реминисценция, мангурт, фольклорный мотив, мифиологическое миропознание, перевоплощение.

**Keywords:** mith, folklore, ethnography, reminiscent, mangurt, folklore motive, mithiologic word knowledge, reincarnation.

Әдебиеттің даму тарихының әрбір кезеңінде этно-фольклор біте қайнасып, бірге тыныс тіршілік еткен және шығармаларда белгілі бір сюжеттік оқиғаны құруға, кейіпкердің образын ашуда, көркемдік тәсілдердің берілуінде, оқиға түйінін шешуде, финальда яғни, шығарманың өн бойында белгілі бір қызмет етіп отырған.

Прозалық шығармалар өзінің бастауын ертегілер желісі мен ауыз әдебиетіндегі елге көп тараған аныз әңгімелер, қиссалар мен хикаяттардан алғатынын тілге тиесінде болады. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиетте де осы үрдіс көрініс тапқан.

Әлемдік әдебиет контекстінде қазіргі қазақ әдебиетінің орнын танып бағдарлау үшін жаңаша талдау, жаңаша бажайлау танымы тұрғысынан қарау міндесті тұр.

Әсіреле қоңіл бөліп назар аударатын мәселе рухани дәүлетіміздің негізгі қайнар көзі болып табылатын ауыз әдебиеті үлгілерінің қазақ прозасындағы көріні, берілу жолдарын жан-жақты қарастыру мүккіят зерделеу, қазіргі таңдағы әдеби зерттеу қажеттілігінен туындалған анық.

Арман-тілегін, өткені мен бүгінін, ертені мен болашағын, фольклорда өрнектейтін қазақ халқы үшін – ауыз әдебиеті үлгілерінің қай түрі болса да жаңына жақын екені рас. Фольклорлық сарын үлгілері жыраулар поэзиясында да, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиетте де де көрініс тапқан. Жаңа өкіметтің, қоғамның мерездігін аңдаған, ақын-жазушылар өз ойларын ашық не астарлы түрде шығармаларында беріп, ашы шындықты айта білді. Оларды халық жауы деп, өздерін ату жазасына бұйырып, шығармаларын оқуға тыйым салып, тарих сахнасынан мүлдем алып тастауды көздеді. Орнаған қызыл үкімет өзімен бірге өнерге де, соның ішінде әдебиетке де өзінің «социалистік реализм» әдісін ала келді. Яғни, кез-келген ақын-жазушы өнерге әдебиетке тек таптық тұрғыдан келуге және қарауға тиісті болды. Ол, мейлі пәннен шығармалардан тек қана кедей тобының мүддесін көтеретін идея «мен мұндалап» тұруға тиіс болды.

Ақын-жазушылар кеңестік идеологияның қысымына қарамай, тығырықтан шығып заман шындығын символдық формада соның ішінде осы фольклорлық сарын үлгісінде жеткізуғе тырысты. Сонау түркі бабаларының рухынан нәр алған, түпкі негізімізді жырға қосқан, сөз еткен ақын-жазушылардың өздері өлсе де арттарында қалдырган мұралары өлмек емес. Өйткені, қазақ халқы мың өліп, мың тірілсе де сол халықпен ғасырлар бойы келе жатқан бабалар рухы, олар жырлаған өнер түрлөрі, ұстанған салт-дәстүрі мәңгі жасай бермек.

Уақыт өткен сайын, қоғам өзгерген сайын әдебиет фольклорлық сарынды қажет етіп ауыз әдебиеті үлгілерінің көрініс табуын талап етті. Ұлттық таным, ұлттық рух талап еткен фольклорлық сарын қазақ әдебиетіне жаңа леппен, соны сарынмен қайта оралды. Тіпті, кеңестік идеологияға қарамастан, халықтық мұраны, нағым-сенімді өз шығармаларына өзек еткен жазушылар да болды. Қазақ әдебиетінде мифке қызығушылық реализммен постмодернизмге дейінгі әртүрлі эстетикалық бағыттарғы жазушылардың көбіне тән, ол әңгімеден романға дейінгі түрлі жанрлық нышандарда жүзеге асырылып келеді. Миф әртүрлі көркем бағыттар мен жанрларда

нығайып қана қойған жок, көркем мәтіннің барлық деңгейіне енуде.

Ғ.Мұсіреповтің «Ана туралы жыр» әңгімесі алғашқы адамның пайда болуы Адам ата мен Хая аданың алғаш жер бетіне түсіп, ұрпақ жаюы туралы. Мұны әңгімені фольклорлық пайыммен генеологиялық мифке жатқызуға болады. Ал, М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесіндегі орталық негізгі кейіпкер Тәнірі болса, бұл шығармада Алла бейнесі берілген. Ғ.Мұсіреповтің «Ана туралы жыр» повесінде Алланың бес перштесі болса, Марал Ысқақбайдың «Ұят туралы аңызында» Тәнірінің екі перштесі Кесепат пен Шарапаттың қарама-қарсы ойлары берілген. Екі повесте де бір Құдіретті қүшке бас ию, тағым етіп табыну. Екі автордың да авторлық идеясы – бағзы заманнан келе жатқан Тонықөк, Күлтегін жырларымен үндесіп жатқандай.

«Жоғарыдағы Қек Тәнірі,

Төменде кара жер жаралғанда,

Екеуінің ортасында адам баласы жаратылған...»

Бұл повестерді көне діни аңыздық сюжетке құрылған, мифтік бейнелермен толықтырылған жасампаздық рухани шығарма деп қарастыруға болады. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесінде сонау бағзы замандардан да әрідегі біздің бабаларымыз тәу еткен «Тәнірі» туралы әңгімеленеді.

Галым С.А.Қасқабасов бұл жөнінде «Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата – демиург бейнесі Тәнір образымен алмастырылған. Ал, Тәнір аспанның әміршісі саналған. Яғни Тәнір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі» - деген.

Бұл мифтік повесте Тәнірі екі перштесін кезек тыңдалап, ғаламда болып жатқан өзгерістерді солардың шар айналарынан қарап біліп отырады. Анда-санда жерге қарап, әуелде адамзат атаулы Адам ата мен Хая аданы пейштен құғанда екеу-ақ еді, қазір ұзын саны бірер мың болыпты деп ой туýеді.

Шарапат қашанда ізгілік пен жақсылықтың символы іспеттес. Ал Кесепат болса мұлдем қарама-қарсы. Автор Шарапат пен Кесепатты антитезалық бейнелеу тәсілімен ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қарама-қарсы символы ретінде алған. Дүние дүние болып жаралғалы жұмыр басты пенде бойындағы екіудай мінез: бірі жамандыққа бастап тұратын – кесепат азғыруы, бірі адамдар үшін жақсылық жасауға бар Шарапаттың іс-эрекеті өмір-бойы бір-біріне кереғар күресіп өтетіні содан екен.

Бұл мифтік аңыз шығыстын мотивтегі көне сюжетке құрылған. Жазушы құрғақ баяндаудан гөрі адам тойымсыздығының түп төркіні неде деген сұрақты ортаға салады.

Қарымды қаламгер Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесінде де ежелгі аңыз-әңгімені, өткен күннің елесін ой елегінен өткізіп, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін қозғайды. Жазушы ескі аңызды қайта жаңғырып, қайта баяндалап қана қоймайды, оған философиялық, психологиялық ренқ үстемелей отыра аңыздың әлеуметтік сипаты, (қырын) ашады. Шығармада ежелден қоңсы отырған бірде жауласып, бірде татуласып, талас-тартыспен күшін көрген қазақ пен түркімен арасындағы бітіспес жауалығы сөз болады. Бітімге келмей, тек қана жауласумен болған, өзара сыйыса алмай, ұғыса алмай өткен екі бауырлас жұрт талай тауқыметті бастап кешіріпті, бірін-бірі кешіре алмапты. Автор талай замандар бойы қазақ даласы мен түркімен құмдарындағы зорлық-зомбылықтың неше алуан түрі: алып кету, шауып кету, жер дауы, жесір дауы, жазушының ең ауыр сұмдық түрі – мәнгүрт жасау сияқты аңыздық желілерді шебер қолдана білген.

Шығармада түркімен батыры Жөнейттің қолға түскен тұтқын жас еспірімдерді мәнгүртке айналдырып, жаулықтың, дұшпандықтың ең ауыр да соракы үлгісін көрсетеді. Бағзы заманнан адам баласына неше түрлі қиянат зұлымдық-эрекеттер жасаудың ішіндегі ең сұмдығы, ең шектен шыққаны – адамды қинап, мәнгүрт жасау болып табылады. Мәнгүрттікің қасында басқа зұлымдық, жауыздық дегеніңіз түк емес. Бұл қорлау – мәнгүрт жасап, женген жауының тұқымын құрту, болашақтың тамырына балта шабу мақсатында жасалған мәнгілік азап. Автор повестің сюжет желісіне мәнгүрттік туралы аңызды орынды ала білген. Жауласқан елдер тарихында мәнгүрттік және мәнгүрт жасау ежелден бар екендігі белгілі. Бұл жайлы кейір мәліметтер ауыз әдебиеті нұсқаларында кездеседі. Мысалы қыргыздың әйгілі «Манас» жырында да жас балаларды алып қашып кетіп, олардың басына шіре байлайтыны жайлы айтылады. «Кепеш кигізу», «шіре байлау» дегенді мәнгүрттікпен қатарластыра алуға болады. Төл әдебиетімізге, жалпы өз кезеңінде, одактық әдебиетке мәнгүрт ұғымын алғаш алып келген қаламгер - Әбіш Кекілбаев.

Автордың айтпағы әр заманын, әр қоғамның өз мәнгүрті болады деп ой түйдіреді. Патша үкіметі тұсындағы бертін келе, Кенес Үкіметі тұсындағы күшпен енгізілген отаршылықтың таз кепеші мәнгүрт болып жалғасын тапты. Бүгінгі күні ешкімнің зорлық-корлығынсыз-ақ туған тілімізден, дінімізден айырылған, тегін білмейтін «шала қазақ» дейтін - «рухани мәнгүрт» ұрпақ дүниеге келді. Автор танымы рухани мәнгүрттік мәнгүрттікін ішіндегі аса қауіптісі деген байламға көз жеткізеді. Ежелгі аңыздары тарихи шындыққа сүйеніп, жазушының өткенде шолып, болашаққа жасаған ишара – тұспалы аңызben астасып, қазіргі күнмен үндесіп, психологиялық – параллелизм тұрғысынан мәні ашила түседі.

Негізгі кейіпкер – түркімен батыры Жөнесттің өш алу, кек алу жолында туған бауырынан да, баласынан да айырылуын, өмірінің сонында құлағына келген күй әуені арқылы түсінеді. Екі елді татуластырып табыстырған да, бітістірген де өнердің құдіреті. «Күй» повесіндегі аныздық желідегі сол кездегі мәңгүрттікті қолдан жасау болса, бүгінде рухани мәңгүрттіктің белен алудың және екі кезең мәңгүрттігін бір-біріне қарама-қарсы, антитета формасында алынуы шығарманың әлеуметтік салмағын арттыра түседі.

Ол күйдің астарында – рухани таным, ұлттық болмыс, салт-сана, фольклорлық сана, бүкіл қазақ елінің рухани-мәдени – пәлсалапық байлығының негізі, түп-тамыры, көрсеткіші жатыр.

Тұтастай алғанда, халықтық мұрамыз атадан балаға аманат болып, заман он айналып түссе де өз негізін әлі жойған жоқ. Ал, сол негіз жойылса, халық та бірге жойылады. Қазір егемендігімізді алды, елдігімізді қайта сезінген кезде, сол кездегі ұмыт бола жаздаған не алмагайып кезеңдерде ұмыт болған сол асыл мұрамызды қайта тірілту, қайта жаңғырту әрбір қазақтың міндесті деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТ

- 1 Ысқақбаев М. «Үят туралы аңыз» Алматы: Жазушы. 1980. Б-7.
- 2 Қасқабасов С. Жаназық. Аударма баспасы., Астана. 2002. Б-96.
- 3 Кекілбаев Ә. Таңдамалы шығ. 1 том. Алматы: Жазушы, 1989.Б-125

**Танжарыкова А.В. Фольклорные мотивы в современной казахской прозе**

#### Резюме

В статье рассматриваются фольклорные мотивы в современной казахской прозе. Был сделан тщательный анализ проз в основу которых, рядом писателей взят фольклор. Допедние до нас с незапамятных времен события, описанные в мифах, оказывали свое влияние то на начало, то на кульминацию, то на конец произведения, это влияние было рассмотрено с разных точек зрения. Согласно ветхой концепции человек при переходе из этого мира в потусторонний мир в зависимости от своего характера превращается в зверя или птицу, отблески такой реинкарнации наблюдаются в современной прозе. Произведения таких знаменитых казахских писателей как Г.Мусрепов, А.Кекильбаев, М.Ысқакбаев были глубоко исследованы в этом направлении. Их книги являются хорошим примером для воспитания подрастающего поколения в духе традиций и обычаяв казахского народа, также они учат их передавать традиционный опыт из поколения в поколения безо всяких изменений, хотя время неизбежно налагает на них свой отпечаток и оставляет неизгладимый след.

**Tanǵarýkova A.V. folklore motives in modern Kazakh prose**

#### Summary

The article considered folklore motives in modern Kazakh prose. It was analyzed systematically the books of writers who took as a base the folklore motives in the prose. Sometimes it was considered the influence of the motifs to the beginning, culmination and the fin of the writings. According the oldest conception when the person passes from the this world to the life after the death the person because of his character becomes an animal or a bird, this phenomena of reincarnation observes in our days prose. The writings of G. Musrepov, A. Kekilbayev, M.Iskakbayev was analyzed in this direction. Their books are a good to educate the yang generation in kazakh tradition and teach them to keep them and pass them to the next generation without any changes, although the time leaves its foot printing.